

**XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ «ОЯНУ ДӘУІРІНІҢ» ҚАЗАҚ
ӘДЕБИЕТІНДЕ ЖЫРЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ («Оян, қазақ!»
«Тұр, қазақ!» және «Жатпа, қазақ!» кітаптары негізінде)**

Төралы Қыдыр,

филология ғылымының кандидаты, доцент

Гаухар Джумагулова, магистрант

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Бірнеше ғасыр бойына ғылым мен білімнің ордасы болған мұсылман елдерінің соңғы үш ғасырда «қалың ұйқыға» кетіп, өркениет көшінен кеш қалып бара жатқаны сол кездегі ел қамын жеген жандарды ойландырмай қоймаған. Ортағасырларда небір даналар мен данышпандарды тәрбиелеп шығарған мұсылмандардың XX ғасырдың басында өзге дін өкілдерінен артта қалып отырғаны, расында да, аянышты жағдай еді. Бір кездері Шығыстың шәкіртіндей болып көрінген Батыс соңғы ғасырларда ғылым мен білімде алға озып, «ұйқыда жатқан» мұсылман елдерін бірінен кейін бірін отарлап жатқан тұсы еді. «Бұл не қылған ұйқы? Біз неге өркениет көшінен артта қалып қойдық?», - деген сұрақтар ұлт қамын жеген ұландарды мазалай бастаған. Өз халқының өркениет көшінен қалып қойғанына алаңдаушылық білдірген ұлт жанашырлары қолдарына қару орнына қалам алып, оқу-ағартушылық жағына ден қойды. Бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі оқу жүйесін заман талабына сай жаңартып, бүгінгі жас талабаларды жаңаша оқыту мәселесін көтере бастады. Сондықтан да Шығыс мұсылман халықтары әдебиеттануында XX ғасырдың басын «Аср-е бидор» яғни «Ояну ғасыры» деп атады.

Алғашында қадімшылдар мен жәдидшілердің арасындағы тартыс, жәдидшілдердің негізінде түркішілдердің шығуы, содан кейін өз ұлтының қамын жеген ұлтжандылардың бой көрсетуі мұсылман халықтарында, соның ішінде түркі халықтарының бәріне тән қасиет еді¹. Ортағасырлық шығармаларда кеңінен жырланған жалпы мұсылман үмбегінің орнына ел қамы, Аллаға ғашықтық сезімдерінің орнына отанға, туған жерге деген махаббат, мағрифаттың (Алланы тану жолдары) орнына мағариф (дүнияуи оқу-ағарту) мәселелері кеңінен көтеріле бастады. Шығыс мұсылман әдебиетінде көтеріле бастаған мұндай мәселелер қазақ әдебиетінде де көрініс берді. Сондықтан да Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам, қараңғылықтың көгінде, күн болмағанда

¹ Бұл туралы белгілі әдебиеттанушы ғалым Д.Қамзабекұлының зерттеулерінде көп жазылғандықтан да, кеңірек тоқталғанды артық санадық.

кім болам?» деп жырлағанындай, сол уақытта ұлт қамын жеген ақын-жазушылар көптеп шығып, ағартушылыққа ден қойды. Ақындар жалынды жырларымен қатар, жер-жерден шыға бастаған газеттерге де өткір мақалалар жазып, қазақ қоғамына ой тастауға тырысты. Кейбірінің шығармалары мен еңбектері Қазан, Орынбор шаһарларындағы баспаханалардан жарық көріп, көзі қаракты жандардың санасына ой салды. Сол кездегі ағартушылық әдебиет хақында соңғы ширек ғасыр көлемінде көптеген зерттеулер жазылып, біраз зерттеу еңбектері дүниеге келді. Солардың қатарында Ш.Елеуенов, Т.Жұртбай, А.Ісімақова, Д.Қамзабекұлы, А.Шәріп секілді т.б. ғалымдардың еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Міржақып Дулатовтың 1909 жылы Орынборда жарық көрген «Оян, қазақ!» атты кітабы ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамына қатты әсер кеткені белгілі. Ол кітаптың кіріспесінде: *«Дүниеге қатынасып жүрген, оқыған заттарымыз болмаса, біздің умуми² қазақ халқы пайдалы мәселелерден бейхабар еді. Себебі, дария қасындағы тамшы секілді, оқығандарымыз аздығынан, халқымыз шаһар ретінше емес, көшпелі әр жерде бытырап жүргендіктен, заман ахуалынан хабар білерлік оқуға өз тілімізде газет жоқтықтан, татар тугандарымыздың әдеби тілменен жазылған газеттері анық оқымаған халыққа түсініксіздігінен, дүниеде болып жатқан гажайып уә гарайыптан пайда ала алмай, біздің халық дүние сарайының бір қараңғы түкпірінде ұйықтап, ұмыт қалған секілді болып тұр»* [1, 36] деп жазып, алаш жұртының сол кездегі ахуалына алаңдаушылық білдірген болатын. Кітаптың мұқабасынан-ақ: «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты» деп, қараңғылықта қапысыз жатқан қазақты оятуға тырысты. Қазақ халқының бұрынғы һәм сол кездегі жағдайына шолу жасап, қоғамның мерез тұстарын ашып көрсетті. Міржақып Дулатовтың осы кітапта ғылым, білім, оқу ағартушылық, ел мен жер мәселесі хақындағы көтерген мәселелері сол кездегі ойлы жанға, әсіресе ақын жандыларға біраз ой тастады. Басқасын былай қойғанда, «Оян, қазақтың» ізімен «Тұр, қазақ!» және «Жатпа, қазақ!» кітаптарының жарық көруі соның жарқын дәлелі. Алаш жұртының сол кездегі ауыр жағдайына алаңдаған Байбатыр Ержанұлы пен Әбілқасым Арғыни да өздерінің қоғамға айтар ойын Міржақып Дулатұлының әдіс-тәсілімен жеткізгенді дұрыс көрді. Сондықтан да «Тұр, қазақ!» пен «Жатпа, қазақтың» құрылымы, көтерер тақырыбы мен ішкі мазмұнына қарап, «Оян, қазақтың» дәстүрлі жалғасындай көрінетіні бар. Расында да ХХ ғасыр басындағы

²жалпы

бейғамдық өмірді сын садағына алған ақындардың арман-тілегі, айтар ойы бір арнада тоғысып жатты. Десек те, әр ақынның сөз саптауы, жазу мәнері мен ой орамдары өздігімен ерекшеленіп тұрды.

1909 жылы Орынборда басылған «Оян, қазақтың» мұқабасы:

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал қарап боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты, - деген жолдармен басылса, 1914 жылы Қазанда жарық көрген «Тұр, қазақ!» кітабы да:

Қазағым, халың жаздым бұ кітапқа,

Алыңыз оқуменен ілтипатқа.

Жер кетіп, халің нашар болып қалды

Аярып, мәз болмаңыз құр атаққа, [2, 1] - деген шумақтармен ашылған. Осыдан-ақ, екі кітаптың бірдей сарында жазылғанын аңғаруға болады. Тіпті, Міржақыптың өлеңдерінен қатты әсерленген Байбатыр ақын:

Көтеріп бастарынды, оян, қазақ!

Болады ұйықтасаңыз енді ғажап,

Жер кетіп, халің хараб³ болып қалды,

Басыңа түсер байғұс енді азап....

Япырмай, ұймас па едің ұжмақ жерде,

Ұжмақ жерде дегенім басың төрде,

Оянбай бостан-босқа ұйықтап жатып,

Секілді болып қалдың жатқан көрде, [2, 28] - деген жолдармен өрілген «Оян, қазақ!» деген өлең де жазған.

Ал, 1917 жылы Ташкентте басылған Әбілқасым Арғынидың «Жатпа, қазағы» бұл «дәстүрді» сақтамағанымен де, көтерер тақырыбы мен ішкі мазмұны жағынан алдыңғы екі кітаппен толықтай үндесіп жатыр.

Қазағым, мұнан бұлай қарап жатпа,

Муафық⁴ іс қылайық шариятқа,

Ілгергі озғандарды қуып жетпей,

Алашым, күнің келді осы шақта.

Қазағым, ғапілеттен⁵ көзіңді аш,

Ғапілетпен өтіп кетті бірталай жас,

Осындай бостандық күн келген уақытта,

Жастана жата бермей, көтерің⁶ бас,[3,16] - деп жазған ақын алаш баласының ғапілетте жатып қалмастан, мағарифқа яғни оқу-білімге

³ ойран

⁴ лайық

⁵ қараңғылық

талпыну керектігін ашып айтқан. Әбілқасым Арғынидың сол замандағы ел қамын жеген ұлтшылдардың туындыларымен, әсіресе, Міржақып Дулатұлының шығармашылығымен жақыннан таныс екендігі ешбір талас тудырмайды. Ақынның өзі де:

«Алаш»тан бұрын шықты «Қазақ» газет,

Ахмет Байтұрсынов жатқан жазып,

«Садикул-кәләм»⁷ болып басқалардан,

Жәдиде⁸ емлесіменен жатыр сызып.

Міржақып Дулатов ағаларым,

Сізді һәм бірнешеге санар едім,

Қанатыңды жайдыңда әрі-бері,

«Ояннан» бергі жерде паналадың, [3, 32] - деген жыр шумақтарымен нақтылап өтеді.

Әрине, ХХ ғасырдың басында қазақ даласында әртүрлі саяси платформалар мен концепциялардың қатар өмір сүргені белгілі. Қадімшылдар мен жәдидшілдердің, түркішілдер мен ұлтшылдардың арасындағы кейбір талас-тартыстардың бәрі де ұлттың болашағы жолындағы талпыныстар болатын. Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының «Ақ болсын, қызыл болсын, маған бәрібір. Мен қазақ мүддесін көздейтін үкіметті ғана жақтаймын», - деп жазғанындай, сол кездегі оқығандардың қай партияның жетегінде кеткеніне қарамастан, бәрінің де көздегені – ел мен жер қамы болатын. Оны айтып отырғанымыз Молда Әбілқасым Арғынидың «Жатпа, қазағының» алғашқы беттері 1917 жылғы төңкеріс нәтижесінде билік басына келген коммунистерді мақтап, мадақтаумен басталады. Ақынның өзі: *«Құрметті оқушы әпенділерімізге үшбу соңғы назымды 1916 жылында 26-шы феуралда шығарылған еді. Баспаханаға бермекші болған уақытта мына хурият күні туып, ішінде бағзы бір сөздері хурият заманына муафық⁹ келмеген жиһаттен¹⁰ кейінге қалған еді. Енді муафық¹¹ келмеген сөздерді қойып үшбу назымның¹² ақыры және қосылды. Әлбетте, зұлматтың ішінде шыққан назым хурияттің¹³ ішіндегі назымнан заманы мұқаддам¹⁴ болған болса һәм*

⁶ яғни, көтеріңдер

⁷ «Шыншыл, тура сөз»

⁸ жаңаша

⁹ лайық

¹⁰ себепті

¹¹ лайық

¹² өлеңнің

¹³ азаттықтың

¹⁴ ілгері

мәртебеде муәхір¹⁵ болса керек деп, тәхір¹⁶ қылынды», [3, 5]- деп бұл кітап 1916 жылы баспаға дайын болғанымен де, сол кездегі саяси себептерге байланысты кейінге қалдырылғаны, соның нәтижесінде кейбір өлеңдердің «заман сұранысына» қарай жазылғаны, тіпті кейбір жыр жолдарының үстінен қайта қарап шыққанын айтып өтеді. Сондықтан да кітаптың бас жағынан орын алған:

Хурият құтты болсын дін-қарындас,

Хусусән¹⁷ ішіндегі нағыз Алаш.

Бір мың тоғыз жүз он жетінші деген жылы,

Құтылып зұлматтан көтердің бас, [3, 7] - деген шумақтарындағы хурият яғни азаттық 1917 жылғы қазақ төңкерісінен кейінгі кезең болатын. Себебі патшалық Ресейдің бұратана халықтарға деген озбырлығын, бодандық саясатын билікке төңкеріс нәтижесінде келген коммунистер тоқтатып, барша адамзат баласына мейірім шуағын шашады деп сенгендердің қатарында Әбілқасым ақын да болатын. Алайда, бергін келе қандықол коммунистердің ұлт, дін, молда атауына жау болатынан молда Әбілқасым Арғыни да білген жоқ.

Ел мен жер, дін мен тіл – қазақ үшін қашанда қастерлі ұғым. Сондықтан да осыдан бір ғасыр бұрын жарық көрген үш кітапта да осы мәселелер кеңінен көтерілген. Сол заманда қазақ жерлерінің өзге ұлттардың (ақындар «мұжық», «қахол») иелігінде кетіп жатқаны барша жанды қатты аландатқан. Міржақып ақын:

Кір жуып, кіндік кескен қайран жерлер,

Мұжыққа, қош аман бол, барасың ба?

Қасиетті бабамыздың зираты,

Қалды ғой көшесінің арасында....

Қысқарып жер кеткен соң өрісіміз,

Қалды ғой жатақ болып қайран елдер.

Ащы су, бізге қалды шөл далалар,

Жақсы жер қалдырмады егін салар.

Қалайша тау мен тасқа баға алады,

Қоралы қой, қосты жылқы байларда бар, [1, 19] - деп жырласа,

Байбатыр Ержанұлы:

Кеттің ғой, жылай-жылай қайран қоныс,

Мекен ғып қонып жатыр оған орыс,

Жиырмасыншы ғасырдың тап кезінде,

Хал кетіп, нашарланды біздің тұрыс.

Мысалы қара шыбын қаптаған соң,

¹⁵ кешіктірілген

¹⁶ кешіктіру

¹⁷ әсіресе

Қысқарды мал жаятын және өріс,
Жерді алып осындай таптап кетті,
Қалайша жөн болады қарап тұрыс, [2, 22]- деген жыр жолдарын
жазса, ал, Әбілқасым Арғыни:

Суы жоқ айдалада қазақ қалды,
Сулы өзен саз жайлардың бәрін алды,
Көшіп келіп қонатын шалғындарға,
Қахолдар суға айдап егін салды.
Барлық жер қалмады бұл қазақта,
Сонан бері түсіп жүр зор азапқа,
Пақырлардың көз жасын Құдай естіп,
Жолықтық хуриятлік¹⁸ бұл азатқа, [3, 31]- деп жазған болатын.

Парсы әдебиетінің классигі, сопы шайыр Жәләләддин Руми «Ұйқыда жатқан халықты ояту үшін бір адамның ояу болуы жеткілікті», - деген екен. Сондықтан да заманынан озық туған ұландар қашанда өз халқының қамын жеп, қараңғы зұлматтан жарық нұрға алып шығуды көздеген. Осы жолда қолдарына қару емес, қалам алып, ауам халықтың кемшіліктерін басып айтып, олардың санасына ой салуға тырысқан. Міржақып, Байбатыр һәм Әбілқасым да қараңғылықта жатқан халқын «Оян!», «Тұр!», «Жатпа!» деп ұрандатып, оятуды қалады. Үш ақынның да қоғамда қордаланып қалған ел, жер, дін, білім мәселелерін көтеріп, жыр жолдарын жазуларындағы мақсаты да қазақ халқының бірлігі, жарқын болашағы болатын.

Әдебиеттер:

1. Дулатов Міржақып. Оян, қазақ! Орынбор, 1909 ж.
2. Байбатыр Ержанов. Тұр, қазақ! Қазан, 1914 ж.
3. Әбілқасым Арғыни. Жатпа, қазақ! Ташкент, 1917 ж.

¹⁸ азаттық, бостандық

ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

*Нұрбол Садуақас,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Күлшат Қондыбай,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Шолпан Әбдірова, оқытушы,
Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.*

Өңгімелесу – мұғалімдер балалардың оқуға деген ынтасын оята алатын пәрменді тетік. Сыныпта диалогті қолдану арқылы мұғалімдер балалардың білім алу сапасына үлкен ықпал ете алады. Балалардың білімі мен идеясын анықтауға бағытталған шынайы әрекет оларды оқыту үдерісіне мейлінше тартуға көмектеседі. Екі сабақты өткізу барысында студенттер өте ұйымшылдықпен жұмыс істеді. Бір-біріне сұрақ қоя білді, сол сұрақтарға жауап беру барысында өз ойларымен бөлісе білді.

«Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» пәнінен «Қосымшалардың жіктелуі» тақырыбы сабағында мынадай нақты сұрақ түрлері берілді:

1. Қазақ тілінде қосымша мен қосымша морфема ұғымының мәні неде, сипаты қандай?

2. Қазақ тілінің ғылыми грамматикаларында қосымшалардың ерекшеліктері қалай айқындалады және олар қалай бөлінеді?

3. Қосымшалар морфеманың бір түрі ретінде қандай сипаттары арқылы ерекшеленеді және түбір морфемадан қандай қасиеттері мен белгілері арқылы ажыратылады?

4. Сөз тудырушы қосымшалар сөзге жалғанғанда, грамматикалық мағына үстей ме?

Берілген сұрақтар төңірегінде студенттер осы сұрақтарға жауап беру барысында бір-бірімен диалогке түсті. Алдын ала дәріс мәтіні берілген болатын. Сол мәтін негізінде және өз білетіндерін келтіре отырып, студенттер өз пікірлерін білдірді, ойларымен бөлісті. Өз ойларын постерлерге түсірді. Алған теориялық білімдерін бір-біріне түсіндіріп, кейбір авторлардың пікірлерін талқылады. Студенттер бір-біріне түрткі сұрақтарда қоя білді. Мысалы, түркологияды қосымшаларды қандай терминдермен беріледі? Бірінші сабағымда сұрақтарға жауап беруде студенттер өте белсенділік танытқаны мен үшін өте маңызды болды деп санаймын.

«Когнитивті лингвистика» пәнінде «Тіл мен таным» атты тақырыбындағы дәрістер барысында студенттерге алдын ала мәтін